

ОЙЫЛ

ШАЛҒАЙДАҒЫ ШАРУАЛАР, ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ?

ӨНЕ-МІНЕ ДЕГЕНШЕ, ҚЫСТЫҢ ОРТАСЫНА ДА ЖЕТТІК. «ТУҒАН АЙ - ТУРАЛҒАН ЕТПЕН ТЕҢ» ДЕГЕН ОСЫ. КЕШЕ ҒАНА СИЯҚТЫ ЕДІ ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУҒА ДАЙЫНДАЛЫП ҚАПЫЛЫП ЖҮРГЕНІМІЗ. МІНЕ БІР АЙЫН АРТҚА ТАСТАДЫҚ. ҚАЗАҚТЫҢ ЕСКІ КҮНТІЗБЕСІНДЕ АЙ ЖӨНЕ АМАЛ ДЕГЕН ЕКІ ҰҒЫМ БОЛҒАН. АЙ ДЕГЕНІМІЗ – КӨДІМГІ АЙ АТАУЫ. АЛ АМАЛ ДЕГЕНІМІЗ – ЖЫЛДЫҢ БЕЛГІЛІ БІР МЕЗГІЛІНДЕ ҮНЕМІ ҚАЙТАЛАНЫП ОТЫРАТЫН ТАБИҒИ, АУА РАЙЫ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ.



Яғни, өткендегі «Қыстың шілдесі» сияқты. Ақпанның да өзіне тән амалдары бар. Боранды болғасын «Ақпан тоқпанымен екі ай» деген аталарымыз, Ақпан-тоқпан, Ай мүйізді алты ай, Сұрап алған жеті күн, Қырына алса, қырық күн, – дегенде не айтқысы келгенін түсінуге болады. «Түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз» дейтін мезгіл де осы. Бірақ, ауа-райы алдамшы кез. Ақпан – осы айда келетін амал аты. «Ақпан – дақпан алты күн, аязымен жеті күн» - дейді. Бұл жеті күн нағыз қыс ортасында

келеді. Ақпанда өтетін ақпан-тоқпан амалында қар жауып, жел тұрып, боран-бұрқасын болады, аяз күшейеді. Малшыларға уайым – Ақ бораны үдейтін. Қыстың соңғы бұл айын Бұрынғылар "үт" дейтін. Қалың қары ақпанның Сіреу болып қатады. "Ақпанда күн ат адым Ұзарады", – деп жатады. Көктем иісі, лебі бар, Желі соғып тұрған ай, - деп толғаған ақын осы мезгілді дәл суреттеп отыр. Ал, тіршілігі төрт түлікке тәуелді ауыл үшін осы мезгіл нағыз шешуші сәт. Малдың алды

төлдей бастайды. Қалың қалай, шаруа? – деп ауылдағы ағайынның тұрмысына қарайлайтынымыз да рас. Сондықтан да өткен аптада аудан әкімі Асқар Қазыбаев Сарбие, Қараой ауылдық округтеріне жұмыс сапарымен барып, бірқатар әлеуметтік нысандардың жылу беру жүйесімен, жол қатынасын реттеп, қар құрсауынан тазалайтын арнайы техникалардың жай-күйін бақылады. Сонымен қатар шаруа қожалықтарына барып, мал қыстауы барысымен танысты. Аудан әкімі тұрғындар арасында қауіпсіздік ережелерін

және қыс мезгілінде төтенше жағдайлардың алдын-алу бойынша жұмысты жүйелі жүзеге асыруды тапсырды. Сондай-ақ, коммуналдық қызметтің үздіксіз жұмыс жасауына ерекше назар аудары отырып, қатаң бақылауға алуды ескертті. Кезекті сапары барысында Оокругтердің аумағындағы шаруа қожалықтардың тынысымен танысып, мал азығының қоры мен малшылардың ауа-райының қолайсыз уақытында сақтық шараларын сақтауына назар аударды.

С. ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ЖАС ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ACTION RESEARCH» ЖОБАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ӨТКЕН АЙДЫҢ СОҢЫНДА «ШҰҒЫЛА» МӨДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАС ПЕДАГОГТЕР, ЖАС ПСИХОЛОГТАР ЖӘНЕ ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ПСИХОЛОГТАРҒА АРНАЛҒАН «ACTION RESEARCH» ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.



Жобаның негізгі мақсаты – жас педагогтердің кәсіби мотивациясын арттыру және өзгерістерге икемделу қабілетін дамыту. Отырыста қатысушылар психологиялық «Prioritet» ойынын ойнап, өз құндылықтарын анықтады, бейнеролик арқылы кәсіби қиындықтарға шешім іздеді және зерттеу мәселесін постер арқылы қорғады. Отырыста пән мұғалімі мен сынып жетекшілердің оқушылармен

жағымды қарым-қатынасы, уақытты тиімді пайдалану және күн тәртібін сақтау, шекараны сақтау және еркіндік пен қаталдықты үйлестіру, педагогтың кәсіби біліктілігін көрсету және оқушыларға нақты талап қою сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Алғашқы отырыс қатысушыларға жаңа тәжірибе мен пайдалы әдістерді көрсетті. Жобаның келесі кезеңдері сәуір және мамыр айларында өтеді.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ - ТӘЖІРИБЕСІН ТОЛЫҚТЫРАДЫ

Ойыл аудандық аурухана-сының жедел жәрдем бөлімшесінде өткен оқу-жаттығу барысында аудандық төтенше жағдайлар мекемесінің мамандары шеберлік сабағына қатысып, тәжірибелерін арттырды. Іс-шараның негізгі мақсаты – төтенше жағдайлар кезінде жедел медициналық көмек көрсету дағдыларын жетілдіру және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды нығайту болды. Шеберлік сабағы барысында жедел жәрдем бөлімшесінің тәжірибелі мамандары зардап

шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, реанимациялық шараларды жүргізу, сондай-ақ науқастарды тасымалдау тәртібі бойынша тәжірибелік сабақтар өткізді. Қатысушылар оқу-жаттығу кезінде түрлі төтенше жағдай сценарийлері бойынша өз білімдері мен кәсіби шеберліктерін шыңдады. Аталған оқу-жаттығу мамандардың кәсіби даярлығын арттыруға және төтенше жағдайлар кезінде жедел әрі үйлесімді әрекет етуге мүмкіндік берді.



ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ



Өткен аптада Ақтөбе облысының білім басқармасына қарасты бөлім басшыларының және әдістемелік кабинет меңгерушілерінің қатысуымен облыстық әдістемелік күн өтті. Бірнеше бөлімнен тұратын мазмұнды шара барысында өткен жылдың қорытындысы шығарылып, әр ауданның білім саласындағы жетістіктері мен кемшіліктері жан-жақты талданды, алдағы кезеңге нақты тапсырмалар берілді.

Бағдарлама аясында Ақтөбе қаласында «Келешек мектеп» жобасы бойынша салынған №80 жаңа мектептің жұмысымен танысу мақсатында экскурсия ұйымдастырылды. Сонымен қатар 9–11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиаданың қорытындысы шығарылды. Аталған білім бөсекесінде Ойыл ауданы командалық есепте ІІІ орынды иеленіп, білім басқармасының басшысы Б. Күзембаеваның Алғыс хатымен марапатталды.

Бұл – аудан тарихында облыс көлемінде алғаш рет командалық есеп бойынша

жүлделі орынға ие болу. Бұл жетістік – кездейсоқ нәтиже емес. Оның негізінде мемлекетіміздің ауыл мен қала арасындағы білім сапасындағы алшақтықты біртіндеп жоюға бағытталған жүйелі саясаты жатыр. Соның арқасында ауыл мектептерінде заманауи әдістер кеңінен қолданыла бастады, мұғалімдердің кәсіби ізденісіне, оқушылардың өздігінен дамуына мүмкіндік артты. Ата-аналардың да білімге деген көзқарасы өзгеріп, бала болашағына саналы түрде атсалысу үрдісі қалыптасып келеді. Осындай мемлекет, мектеп және ата-ана арасындағы өзара үйлесімді жұмыстың нәтижесінде бүгінгі ауыл мектептері қала мектептерімен бәсекелесе алатын деңгейге жетіп отыр. Осы орайда, Ойыл ауданында білім саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға үлес қосып жүрген білім бөлімі қызметкерлеріне, барлық білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне зор алғыс білдіреміз. Жүйелі еңбек пен ортақ мақсат алдағы уақытта да жаңа жетістіктерге жетелейді деп сенеміз.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

28 қаңтар 2026 жыл

№ 30

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезекті отызыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті отызыншы сессиясы 2026 жылдың 11 ақпан күні сағат 14.30-ға аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

- Аудандық мәслихаттың 2025 жылы атқарған жұмысы жөніндегі аудандық мәслихат төрағасының есебі
- Хабарламашы: С.Ф.Займолдин - аудандық мәслихат төрағасы
- Ауданда ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласына қатысты мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы және оның нәтижелері туралы
- Хабарламашы: А.А.Алдияр – аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы
3. Аудан аумағында су тасқынына қарсы қажетті жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын күштер мен құралдардың дайындығы туралы
- Хабарламашы: Ж.А.Қобыланов - аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы
4. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы және алдағы жылға жоспары туралы
- Хабарламашы: С.Т.Дәулетқалиев – аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы
5. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихат төрағасы:

С.Ф.Займолдин

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ

АДАМ ӨМІРІНЕ ОРАСАН ШЫҒЫН ӨКЕЛЕТІН ӨРТ ОҚИҒА-СЫМЕН ӨРТТЕН ТАРАҒАН КӨМІР ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНЫҢ УЛЫ ЕКЕНДІГІ АЙТЫЛЫП, ЖАЗЫЛҒАНЫМЕН ӘЛІ ДЕ БОЛ-СА НЕМҚҰРАЙЛЫҚПЕН ҚАРАУДАМЫЗ.

Атап айтсақ, 2025 жылдың жылыту маусымы басталға-лы облысымызда улы газбен (утарный газ) 5 жағдай тіркел-ді, 1 адам қаза тапты. Улану-дың басты себебі тұрғын үй-дегі жылыту пеші жүйесінде жарықтардың болуынан және пеш мұржасының бітелуінен орын алып отыр.

Қазіргі таңда ауданымызда 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдай-ларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-ша-ралар атқарылып келеді. Атап айтсақ халықтың осал топтағы тізімі құрылып, 176 тұрғын үй есепке алынды. Аталған тұрғын үйлерге профилакти-калық жұмыстар жүргізу бары-сында көптеген өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлі-гі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құбыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пеш-терінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңыл-тыр төселмеген, тоқ желілері жанғыш материалдың үстімен жүргізілген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңіздегі та-биғи газды анықтайтын сиг-нализаторларды тоқ көзіне қосып, қалыпты жұмыс жағдай-ына келтірулеріңізді сұраймыз. Сондықтан, осы кезде ула-нудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусы-

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ БОЙЫНША БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА ҚҰРЫЛАДЫ

«Қазақстан балалары» 2026–2030 жылдарға ар-налған тұжырымдамасын іске асыру аясында елімізде балаларды психологиялық диагностикалау және сүйе-мелдеу бойынша бірыңғай цифрлық платформа құры-лады. Жоба қауіп-қатер-лерді ерте анықтауға, психологиялық көмектің қол-жетімділігін арттыруға және баланы қорғау жүйесінде пе-дагог-психологтардың рөлін күшейтуге бағытталған.

Жаңа платформа психоло-гиялық және мінез-құлықтық тәуекелдерді жүйелі түрде анықтауға, баланың психо-эмоциялық жағдайының ди-намикасын бақылауға, сон-дай-ақ қолдауды қажет ететін балаларды үздіксіз әрі ны-

саналы түрде сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Процестерді цифр-ландыру балаға көрсетілетін көмектің бірыңғай бағытын қалыптастыруға, ведомство-лар арасындағы функция-лардың қайталануын бол-дырмауға және мамандарға түсетін кәсіби жүктемені азайтуға жағдай жасайды. Жалпы алғанда, «Қазақстан балалары» тұжырымдама-сы педагог-психологтар ин-ститутын және балалардың психологиялық қауіпсізді-гі жүйесін кешенді түрде нығайтуды көздейді.

Атап айтқанда, келесі шара-ларды іске асыру жоспарла-нып отыр:

- білім беру ұйымдарында балалардың әлеуметтік-э-

Мені біреу аңдып жүргендей... Бұл сөз жай үрей емес, күн сайын мыңдаған адам бастан кешіп жүрген қауіптің көрінісі. Адамды аңду, оның жеке өміріне қол сұғу сталкинг деп аталады.

Ол – заманауи қоғамда та-мырын тереңге жайған, бірақ көп жағдайда еленбей келе жатқан жасырын қылмыс.

Бұл – адамның жеке кеңістігін бұзу, қауіп төндіру, психологи-ялық қысым көрсету.

Еуропалық гендерлік инсти-тутының мәліметінде дүние жүзіндегі онының әйел стал-кингке ұшырайды екен. Ал одан қалай қорғануға бола-ды? Еліміздегі ахуал қандай? Жаңа заң бұл мәселемен күресті жеңе алады ма? Са-ралап көрсек.

Аңду ма, қорқыту ма? Стал-кинг деген не?

Атауы өзгергенімен, бұл ұғым бұрыннан бар. Біреу жүйелі түрде маза бермей телефон соқса, есік аңдып, әлеуметтік желіде ұдайы бақыласа стал-кинг саналады. Мұның ішіне қорқытып-үркіту, қоқан-лоқы көрсету секілді психологи-ялық қысым да бар. Қысқасы, зәбір көрушінің зәресін алып, мазасын кетірудің бәрі осы санатқа жатады.

Байқасаңыз, мұндай оқиға қыз-жігіт болып араласқан жұрттарда, ажырасқан отбасы-ларда көп кездеседі.

Екіге кеткенде де бұрынғы әйелінің өмірін бақылағысы келетін талай азамат стал-кингтің түр-түрін жасаған. Бетін қайтарса да аяқ тарт-пайтын қаншама жігіт қызды

қаратамын деп аңдумен бол-ды.

Қоғам мұндай істі «қалып-ты қызғаныш», «жастықтың буы» дегенге салып бірша-масын ақтап алуға тырысып, жазасыз жіберіп келген. Кей-ін көзқарастың салқыны қай-ғылы оқиғаға ұласқанын көріп жүрміз.

Сталкингті тек ерге тән деп тану дұрыс болмас, дегенмен жәбір көргеннің көбі – әйел. Еуропалық гендерлік инсти-тутының мәліметіне сүйен-сек, әрбір оныншы әйел стал-кингке ұшырайды.

Ұдайы бақылау мен аңду-дың кесірінен психологи-ялық жағдайы нашарлаған адамдар жетіп артылады. Мұның мысалын әлеуметтік желіден мыңдап кездестіруге болады. Өкініштісі, елімізде күйеуі не досы маза бермеген соң өзіне қол жұмсаған қы-здардың саны көп.

Кейінгі жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйелдер мен балаларды қорғау бағы-тында арнайы заң қабылдан-ды. Қоғамдық резонанс туды-рған тақырыптан соң талап пен бақылау күшейді.

Осы орайдағы қоғамның соңғы сұрауының бірі стал-кингке қарсы жаза болғанын жасыра алмаймыз.

Сталкинг енді қылмыс сана-лады

Қазақстанда Қылмыстық ко-декске сталкинг ұғымы ең-гізілді.

Енді адамды аңдып, қорқы-татындар қылмыстық жа-заға тартылатын болады. Сарапшылар заңнамадағы

өзгеріс көп адамның өмірін сақтап, қоғамдағы тәртіпті кү-шейтеді деп отыр.

Адамды аңду, мазасын алу әрекеті үшін заңмен жауап-кершілік қарастырылды.

Егер біреу сталкингке барса, мынадай жазаға тартылады: 200 АЕК-ке дейін айыппұл (шамамен 786 мың теңге), 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс, 50 тәулікке дейін қа-мау.

Бүгінге дейін біз сталкингті көбіне отбасылық кикілжің, тұрмыстық түсініспеушілік немесе жай ғана мазасыздық деп қабылдап келдік.

Қолданыстағы заңнамада мұндай әрекеттерге байла-нысты нақты ұғым да, арнайы бап та болған жоқ. Соның салдарынан құқықтық жауап-кершілік те күмәнді деңгейде қалып отырды.

Қазір сталкингтің бір түрі – ки-берсталкинг, яғни виртуалды кеңістіктегі аңду әрекеттері – қоғамда кең тарала баста-ды. Жәбірленушіні әлеумет-тік желіде бақылау, жеке де-ректерін жариялаймын деп қорқыту, үнемі мазасыз зат жазу – осының бәрі киберқы-сымның көрінісі.

Мұндай әрекеттерге қолданы-латын жаза бұрын тек жанама баптармен шектелетін. Мәсе-лен, ҚР Қылмыстық кодексінің 115-бабына сәйкес, қорқытқа-ны үшін 120 АЕК көлемінде айыппұл немесе 30 тәулікке дейін қамау жазасы қарасты-рылған. Ал 147-бапта – жеке өмірге қол сұққан адам 5 000 АЕК-ке дейін айыппұл төлеуі немесе 3 жылға дейін бас бо-

стандығынан айырылуы мүм-кін.

Бірақ бұл шаралар стал-кингтің нақты сипатына сай келмейтін.

Ендігі қылмыстық кодекске сталкингке қатысты әрекет-терді біріктіретін 115-1-бап енгізілді.

Құқық тіліне салсақ, мұндағы сталкинг түсінігі мына қа-дамдарды қамтиды:

- адамның еркінен тыс бай-ланыс орнату, зорлық-зом-былықпен ұштаспайтын, алайда елеулі зиян келтірген әрекет, адамның ізіне түсу, адамды қудалау 115-1-баппен жазаланады.

Сонымен, кез келген адам өзгенің аңдып жүргенін сез-се, аталған баптар арқылы қауіптің алдын алуға қақысы бар.

Құқық қорғаушылардың сөзін-ше, егер сталкинг жайлы күдік пайда болса, алдымен оны дәлелдейтін айғақ жинаған жөн.


Оған екеуара сөйлескен әң-гіме, әлеуметтік желідегі жаз-ба, хат алмасу, бейнежазба секілді фактілер кіреді.

Бір дүниені түсінген жөн, мес-сенджерлер арқылы хат алма-судың заңды күші бар. Дәлел ретінде әлеуметтік желіде-гі әңгіменің суретін (скрин-шот) ұсынуға болады. Ізіңізге түскен адамның тоқтаусыз қоңырау шалғанын видеоға түсірсеңіз, оны да дәлел ретінде қолдануға жол ашық.

М. МҰРАТҚАЛИЕВ,
Ойыл АПБ ҚҚБ ОТЗЗҚҚ тобы-
ның инспекторы, полиция капитаны.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ - ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ ДЕГЕНІМІЗ ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ ЕКЕНДІГІ БАР-ШАМЫЗҒА МӘЛІМ. СЕБЕБІ ӨР ЕЛДІҢ АНА ТІЛІ СОЛ ЕЛ-ДІҢ БИІК ТҰҒЫРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СОНДЫҚТАН АНА ТІЛІМІЗДІҢ МӨРТЕБЕСІМЕН ҚОЛДАНУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛЫНДА БАРШАМЫЗ АТ САЛЫСУЫМЗ ҚАЖЕТ.



Елімізде қазақ тілінің дәре-жесін одан әрі көтеру мемле-кетіміздің басты міндеттері болып қала береді. Прези-дентіміздің жыл сайынғы жол-дауында мемлекеттік тіл мәселесі айтылып келеді. Осы аталған үрдісті баршамыз қол-дап, ана тілімізге деген құрмет одан әрі өз жалғасын тауып жатса нұр үстіне нұр болары анық.

Мемлекеттік тіл мәселесі бағытында Ойыл аудандық сотымен бір қатар жұмыстар атқарылып жатыр. Атап ай-тқанда, аудандық сот жоспа-рына мемлекеттік тіл тура-лы атқарылатын шаралар бекітіліп, дер кезінде орын-далып жүзеге асырылады.

Сонымен қатар сот төрелігін жүзеге асыру барысында мем-лекеттік тілдің қолдануына ба-сымдық берілген.

Баршамызға мәлім тіл тура-лы қатынастарды реттейтін еліміздің тіл туралы Заңы бар.

Атап айтқанда Қазақстан Ре-спубликасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 «Қазақстан Республикасындағы тіл тура-лы» Заңы. Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тіл-дерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатына-стар осы Заң реттейтін мәсе-ле болып табылады.

Қазақстан Республикасын-дағы тіл туралы Заңында лауазымды адамның мемле-

кеттік тілді білмеу желеуімен жеке және заңды тұлғалар-дың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, мемлекеттік тіл-дің және басқа да тілдердің қолданылу салаларында олардың пайдаланылуына кез келген кедергі келтіру, сондай-ақ деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналасты-ру бойынша талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауап-тылыққа әкеп соғатындығын көрсетілген.

Өр адамның азаматтық қа-сиетті- салт-дәстүрін сақтау-мен, өзінің туған жерін, ата-мекенін сүйемен, өзінің ана тілін білумен өлшенбек. Біліп қана қоймай, күнделікті тұр-мыста қолдану аясын кеңей-тіп, тілге деген жанашырлық сезімінің болуынан көрініс та-бады. Ендеше, татулық пен тұрақтылықтың негізіндеі болған туған тіліміз туғыр-лы, тәуелсіздігіміздің ғұмыр-лы болуы үшін баршамыз тіл мерейінінің жоғарылуы үшін әрекет ету қажеттілігі туындап отыр. Туған тіл тіліміздің ме-рейі үстем болсын!

Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте деп айтқандай басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеген адам ана тілінің жанашыры болып табылатыны баршамы-зға мәлім.

Ж. МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мекөменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Азаматтарды қабылдау жөрі	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық Қоғамдық кеңесі»	Марат Қанатұлы Арыстанов, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы	Тоқсанына бір рет: 12.02.2026 14.05.2026 13.08.2026 12.11.2026 Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі № 16	87078895426

Ескерту: Сұрақтар бойынша азаматтарға мына ұялы телефон 87078895426 арқылы жұмыс уақытында хабарласуға болады.

2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ө.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жөрі	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Адилханов Болатбек	Бөлім басшысы	Қаңтар айының 9, 23 күндері Ақпан айының 6, 20 күндері Наурыз айының 6,20 күндері уақыты сағ.: 10:00 ден -12.00 ға дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	8(71332)2-11-54

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының номері 8 (71332) 2-11-54.

Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КӘСІПОДАҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҒЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖАЛҒАСТЫ. БАСҚОСУҒА ӘЛЕУМЕТТІК ӨРІПТЕСТЕР, БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ МЕН КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІ ЖИНАЛДЫ.



Жиында Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы Раушан Серікова өткен жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, еңбек заңнамасының сақталуын бақылау және әлеуметтік әріптестікті дамыту бағытындағы жұмыстарды атап өтті. Сондай-ақ кәсіподақтың басты мақсаты – еңбек адамының мүддесін қорғау, әділ еңбекақы, қауіпсіз еңбек жағдайы мен әлеуметтік кепілдіктердің орындалуын қамтамасыз ету екеніне ерекше назар аударды.

Өз кезегінде Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы Гүлмира Избағамбетова 2025 жылы атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Аталған жылы аудандық кәсіподақ ұйымы білім саласы қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау бағытында жүйелі жұмыс жүргізді.

Айта кетейік, аудандық кәсіподақ ұйымы 33 білім беру мекемесін қамтиды. Оның ішінде 13 орта, 7 негізгі, 3 бастауыш мектеп, 7 мектепке дейінгі ұйым, 2 қосымша білім беру ұйымы және аудандық білім бөлімі бар. Кәсіподақ ұйымы аудандық білім бөлімімен әлеуметтік әріптестік аясында жүйелі жұмыс жүргізуде. Осы өзара ынтымақтастықтың нәтижесінде барлық білім беру мекемелерінде 2025–2030 жылдарға арналған ұжымдық шарттар жасалып, олар еңбек инспекциясында заң талаптарына сәйкес тіркелді. Ұжымдық шарттарда қызметкерлердің еңбекақысын төлеу тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау шаралары, әлеуметтік кепілдіктер, медициналық тексерулерден өту, сондай-ақ еңбек демалысы мен өтемақылардың уақытылы төленуі қарастырылған. Қоғамдық бақылау мен құқықтық кеңестер нәтижесінде 2024 жылы 2 млн 422 мың теңге, ал 2025 жылдың басында 900 мың теңге көлемінде

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

«Еңбек даулары: себептері және шешу жолдары. Келісу комиссиясының рөлі» тақырыбында Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының өкілдері Ойыл ауданында мазмұнды семинар өткізді. Семинар жұмысын облыстық ұйым төрағасы Раушан Серікова ашып, қатысушыларға келісу комиссиясының атқаратын қызметі мен жауапкершілігі туралы жан-жақты ақпарат берді. Ол еңбек ұжымдарында туындайтын дау-дамайларды заң талаптарына сай, тиімді шешуде келісу комиссиясы мүшелерінің рөлі ерекше екенін атап өтті. Семинар барысында облыстық ұйымның заңгерлері келісу комиссиясы қызметінің құқықтық негіздеріне кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, ҚР Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес жеке еңбек даулары ең алдымен келісу комиссиясында қаралуы тиіс екені түсіндірілді. Келісу комиссиясы –

өтемақылар өндірілді. Кәсіподақ мүшелеріне отын алуға арналған әлеуметтік көмек көлемі 19 660 теңгені құрады. Аудандық ұйым төрағасы Гүлмира Избағамбетова есеп беру барысында ауылдық жерлерде еңбек ететін қызметкерлерге 25 пайыздық үстемеақы, коммуналдық өтемақылар, жүктілік пен бала күтіміне байланысты жеңілдіктердің орындалуы кәсіподақ тарапынан тұрақты бақылауда болғанын атап өтті.

2025 жылы 111 кәсіподақ мүшесі емдеу-сауықтыру орталықтарына жіберіліп, білім қызметкерлері үшін Түркістан, Шымкент, Бурабай, Зеренді және Ташкент, Самарқанд бағыттарында тарихи-танымдық сапарлар ұйымдастырылды. Сондай-ақ жыл ішінде Ұстаздар күні, Республика күні, Кәсіподақтар күні секілді кәсіби мерекелерде сала қызметкерлері марапатталды. «Үздік бастауыш класс мұғалімі», «Үздік психолог», «Үздік кәсіподақ көшбасшысы» сияқты байқаулар ұйымдастырылып, үздік педагогтар марапатталды. «Мектепке жол» акциясы аясында кәсіподақ мүшелерінің балаларына қолдау көрсетілді. Қорытындысында Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы еңбек адамының мүддесін қорғауды басты міндет етіп, 2025 жылы осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырғаны айтылды. Жиын соңында ұстаз еңбегін бағалау және қолдау көрсету мақсатында бірқатар педагогтар марапатталды.

Республикалық олимпиадаларда жүлделі орын алып, білім саласының дамуына үлес қосқан педагогтар кәсіподақ ұйымының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталып, ақшалай сертификаттарға ие болды. Сондай-ақ білім беру саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне сүбелі үлес қосқан педагогтарға денсаулықтарын нығайтуға арналған шипажайларға жолдамалар табысталды.

тұрақты жұмыс істейтін орган болып саналады және заңды тұлға мәртебесіне ие әрбір білім және ғылым ұйымында құрылуы қажет. Комиссия құрамына кәсіподақ комитеті мен ұйым өкілшілігінің өкілдері тең мөлшерде енгізіледі. Өкілдер саны еңбек ұжымының көлеміне қарай белгіленеді.

Комиссия мүшелерінің нақты саны, жұмыс тәртібі мен шешім қабылдау тетігі ұйым басшысы мен кәсіподақ комитеті арасындағы жазбаша келісім арқылы немесе ұжымдық шарт негізінде айқындалады. Семинарға 60-қа жуық келісу комиссиясының мүшелері мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары қатысты. Қатысушылар мұндай кездесулердің еңбек дауларын заң аясында шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға үлкен септігін тигізетінін атап өтті.

ҒАЛЫМДЫҚ «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ - БАЛАЛЫҚ ШАҚ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЯСАТТЫҢ БІРЫҢҒАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын әзірледі. Балалардың құқықтарын қорғау және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың бірыңғай стратегиялық тәсілі қалыптастырылды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда шамамен 6,9 млн. бала тұрады, бұл ел халқының 34%-ын құрайды. Соңғы 10 жылда балалар саны 1,5 млн-ға артты. Бұл демографиялық өзгерістер балалық шақ саласында ұзақ мерзімді, кешенді және өлшенетін шешімдер қабылдауды талап етеді.

Аталған құжат елдегі әрбір баланы қамтиды және 2030 жылға дейінгі кезеңде негізгі мемлекеттік шараларды бірыңғай басқарылатын жүйеге біріктіреді. Ол баланы қауіпсіздікке, білімге, денсаулыққа, отбасына және әлеуметтік қорғауға деген базалық құқықтарын негізінде құрылып, ведомствоаралық жауапкершілік пен бүкіл ел бойынша бірыңғай тәсілдерге сүйенетін балалық шақты қорғаудың жаңа архитектурасын қалыптастырады.

Құжатты іске асыру 158 іс-шара мен 10 негізгі индикаторды қамтитын жүйе арқылы жүзеге асырылады. Бұл бақылауды,

ашықтықты және нақты нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасында балалардың құқықтарын қорғау саласында жаңа жүйелі тәсілдерге көшу көзделген. Алғаш рет баланың өмірлік жолын цифрлық сүйемелдеу тетігі енгізіліп, онлайн қауіпсіздік шаралары күшейтіледі, инклюзивті орта мен өңірлердегі қолжетімді балалар инфрақұрылымын дамытуға басымдық беріледі. Сондай-ақ медициналық және оңалту ұйымдарының желісін кеңейту жоспарланып отыр. Сонымен қатар әлеуметтік қолдау көрсету тәсілдері қайта қаралып, оның атаулылығы мен тиімділігіне баса назар аударылады, оның ішінде балалар үшін тегін жол жүруді кезең-кезеңімен енгізу қарастырылған. Балалардың құқықтарының бұзылуының алдын алу тетіктері де айтарлықтай жаңғыртылып, бірыңғай стандарттар, кейс-менеджмент жүйесі енгізіледі, психологиялық көмектің рөлі күшейтіледі және баланы жеке сүйемелдеу тетіктері, оның ішінде қылмыстық процесс барысында да, қамтамасыз етіледі.

«Қазақстан балалары» бастамасын іске асыру әрбір бала үшін қауіпсіз балалық шақты қамтамасыз етуге, құқықтарды қорғауға және дамудың тең мүмкіндіктерін қалыптастыруға қылмыстың өсуіне мемлекеттік жүйені қалыптастыруға бағытталған.

ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ҮШІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасы білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін бақылау мақсатында жасанды интеллект технологияларын кезең-кезеңімен енгізуді көздейді. Ықтимал қауіптер анықталған жағдайда, жауапты қызметтерге жедел түрде хабар беріліп, баланы қорғау үшін қажетті шаралар қабылданады.

Сонымен қатар балалардың, ата-аналардың және педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру, балалардың интернетке қолжетімділігін реттеу,

оның ішінде түнгі уақытта пайдалануын шектеу шаралары қарастырылған. Бұл бастамалар балаларды зиянды контенттен, кибер қауіптерден және цифрлық гигиенаны бұзудан қорғауды күшейтуге бағытталған. Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау саласындағы заңнама жаңартылып, цифрлық қауіптердің алдын алу тиімділігін арттыру және қабылданатын шаралардың жүйелілігін қамтамасыз ету көзделеді.

ТҰМАУ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Тұмау – бұл жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін инфекциялық ауру, ауа – тамшы жолымен таралады. Тұмаудың инфекция көзі-науқас адам. Жөтелу, түшкіру және тыныс алу кезінде науқас адам айналасындағыларға инфекцияны жұқтырады. Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тыныс алу жолына түсуіне жол бермеу үшін қоларды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзегін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке тарту да тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді.

Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 10 күнге дейін, орта есеппен 2 күнді құрады. Жасырын фазаның ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау өзін білінбейді. Инкубация кезеңінен кейін аурудың көріністері пайда болады:

1. Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші қағаттарына пайда болады. Қағаты қызба, температура 40°С-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады.
2. Әлсіздік, дене сырқырауы,

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ӨТКЕН ҮЛКЕН ЖАРЫС АУДАН ЖАСТАРЫНЫҢ ШЕБЕРЛІГІН КӨРСЕТТІ



Өткен аптада Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде шағын футболдан 2014-2015 ж.т жасөспірімдер арасында аудан біріншілігі өткізілді. Аудан біріншілігінің мақсаты - спортшыларды патриоттыққа, Отан сүйгіштікке және құқық бұзушылықтың алдын алу, ғасыр дертіне айналып отырған жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеп, жасөспірімдерді спортпен шұғылдануға ынталандыру және достық қарым қатынастарын нығайту. Мектептің оқу ісі орынбасары Бекжан Едігеұлы біріншілікті ашып, спортшыларға сәттілік тілесе, Ойыл аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, подполковник Айболат Төлеуұлы спортшыларға бүгінгі күні қоғамның алдында тұрған басты міндеттерінің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермей, жат қылықтардан аулақ болуға шақырды. Футбол - әлемдегі ең танымал спорт түрлерінің бірі болғандықтан да ауданда футболға қызығушы спортшылар саны өте көп. Соның дәлелі аудан біріншілігіне қатысқан коман-

далар санынан да білуге болады. Аудан біріншілігіне 12 командадан (Амангелді ОМ, Жамбыл ОМ, Екпелал НМ, Ө.Дербісәлин атындағы Саралжын ОМ, Қарай МББ, Көсембай НМ, Ш.Берсиев атындағы Ойыл ҚОМ, Ойыл ҚОМ, Ойыл БЖСМ 1,2) 130 ға жуық оқушы қатысты. Жоғары шапшаңдықты, нақты техникалық және тактикалық әрекеттерді талап ететін спорт түрінде тек шын мықтылар ғана жеңіс тұғырларынан көрінді. Ойыншылардың ойлау қабілетін, командалық жұмысты және тактикалық дайындықты дамытатын футбол ойынында Ойыл қазақ орта мектебі командасы Ө.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебі командасын 4:0 есебімен жеңіп, біріншіліктің үшінші орнына қол жеткізсе, Қарай мектеп балабақшасының спортшылары жүлделі екінші орынға ие болып, күміс жүлдегер атанды. Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы командасының ішіндегі үйлесімділік пен бірлік, әр ойыншының шапшаң ойлап, дұрыс шешім қабылдауының арқасында біріншіліктің жеңімпаздары атанды.



ХАЛЫҚ ОЙЫНЫ - ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

ҚАҢТАР АЙЫНДА АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ТОҒЫЗҚМАЛАҚТАН 15-17 ЖАСТАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫ ӨТКІЗІЛДІ. ЧЕМПИОНАТҚА АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ЖӨНЕ АУДАНДАРЫ ҚАТЫНАСТЫ.



Терең ойды талап ететін тоғызқұмалақ ойыны классика, рапид және блиц түрлерінен өткізілді. Қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойынына Ойыл ауданынан да команда қатысып келіп, төмендегідей керемет нәтиже көрсетті. Классика бойынша Серікқали Замира I орын Сырлыбай Мерей II орын Сағынтайқызы Аяжан III орын Рапид бойынша Раев Бекнұр II орын Сағынтайқызы Аяжан III орын Серікқали Замира III орын Сырлыбай Мерей III орын Блиц бойынша Сырлыбай Мерей I орын

Сағынтайқызы Аяжан II орын Раев Бекнұр III орын Чемпионаттың қорытындысы бойынша Ақтөбе қаласының спортшылары 14 медальмен I орынға, ОЙЫЛ ауданы командасы 10 медальмен II орынға және Байганин ауданы командасы 7 медальмен жүлделі үшінші орынға ие болды. Жеңіске жеткен спортшыларды және жаттықтырушылары Қанат Сырлыбайұлы мен Нұрлан Алпамысұлын үлкен жетістіктерімен құттықтай отырып, ағымдағы жылдың наурыз айында Атырау қаласында өтетін Қазақстан Республикасы чемпионатына сәттілік тілейміз.